

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы корпоративтік менеджмент жүйесінің саясаты

(сапалы басқару, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, ақпараттық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, сыбайлас жемқорлық және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы)

«Самұрық-Энерго» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдары – құрамына энергетикалық және көмір өнеркәсібі кәсіпорындары кіретін, ірі көпсалалы энергетикалық компаниялар тобы.

Компаниялар тобы қызметінің негізгі түрлері электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және бөлу, сенімді энергиямен жабдықтау, көмір өндіру және сату, сондай-ақ жаңа өндіруші қуаттарды, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін кеңейту және салу болып табылады.

Біз сапалы басқаруды, денсаулықты қорғау мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, қоршаған ортаны қорғауды, энергия тиімділігін, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылды, ақпараттық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікті біздің қызметіміздегі басты басымдықтар деп санаймыз, сол үшін біз корпоративтік менеджмент жүйесін қолдаймыз және дамытамыз.

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін, біздің қызметіміздің, сондай-ақ іске асырылып жатқан жобалардың күрделілігі мен маңыздылығын сезіне отырып, біз:

- корпоративтік менеджмент жүйесін және оның үдерістерін тұрақты негізде қолдау және жетілдіру арқылы қызметтің тиімділігін арттыруға;

- өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық стандарттарда және сапалы басқару, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, ақпараттық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үздік әлемдік практикада белгіленген барлық қолданылатын нормалар мен талаптарды сақтауға;

- қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың қызметкерлер мен мүдделі тараптардың денсаулығына әсер ету қаупін азайта отырып, олардың себептерін жоюға барлық мүмкін болатын күш-жігерді жұмсай отырып, қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын, сондай-ақ жабдықтардың заманауи түрлерін, өндірістік процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тәжірибелерді, жаңа техникалар мен технологияларды, ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарын қамтамасыз етуге;

- қызметкерлермен консультациялар өткізу және олардың денсаулық сақтау мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметке қатысуын қамтамасыз етуге және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты қалыптастыруға, сондай-ақ Компаниялар тобы мен мердігерлік ұйымдар ішінде денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы үздік практикалар мен тәжірибелерді көтермелеуге, дамытуға және таратуға;

- қауіпті өндірістік объектілерде қызмет атқаратын еңбек қауіпсіздігін, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдарды тиімді басқаруға, оқытуға, бақылауға;

- ластанудың алдын алу және қоршаған ортаға жағымсыз әсерді төмендету, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық және ең озық қолжетімді техникалар мен технологияларды енгізу есебінен экологиялық тәуекелдерді төмендету арқылы экологиялық қауіпсіз қызметті қамтамасыз етуге;

- энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру тетіктерін әзірлеу және енгізу, сондай-ақ энергияны тиімді пайдаланатын, энергетикалық сипаттамаларды жақсартатын жабдықтарды, өнімдер мен қызметтерді сатып алу арқылы өндірістің энергетикалық тиімділігін арттыруға;

- сапалы басқару, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл және ақпараттық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы көшбасшылыққа ұмтылуға, сондай-ақ қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін барлық деңгейлерде озық тәсілдерді енгізу бойынша көшбасшылық пен бастамаларға ұмтылуды қолдауға;

- қызметкерлерді тартуға және олардың сапалы басқару, денсаулықты қорғау мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, ақпараттық қауіпсіздік, сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметке қатысуын арттыруға;

- аварияны азайту бойынша шаралар қабылдауға;

- жаңартылатын энергия көздерін дамытуға;

- мүдделі тараптармен олардың пікірлері мен мүдделерін ескере отырып, тиімді қарым-қатынас жасауға және қамтамасыз етуге;

- ақпараттың нысаны мен оны тарату, беру және сақтау тәсіліне қарамастан, оны үздіксіз қорғауды қамтамасыз етуге;

- қойылған мақсатқа жету үшін қажетті талап етілетін іс-шараларды орындау үшін ақпараттың тұтастығын, қол жетімділігін және жеткілікті ресурстарын қамтамасыз етуге;

- басшылардың көшбасшылығы мен жауапкершілігі, сондай-ақ сапалы басқару, денсаулық сақтау мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, ақпараттық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы білім деңгейі арқылы мәдениетті арттыруға;

- Компаниялар тобы қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге және күнделікті қызметті жүзеге асыру кезінде, оның ішінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау кезінде сыбайлас жемқорлықтың кез келген оның нысандары мен көріністерінде көрінуіне жол бермеу бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуелсіз қызметтер арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттер мен іс-шаралардың сақталуын бақылауды қамтамасыз етуге;

- қарсы қуғын-сүргіннен қорықпай, сыбайлас жемқорлықтың болуы мүмкін немесе нақты жағдайлары туралы бастамашылықпен хабардар етуді қолдауға;

- біздің қызметімізге, оның ішінде жергілікті халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне әсер етуге, гендерлік теңсіздікке, биологиялық әртүрлілік пен мәдени мұра объектілеріне байланысты тәуекелдерді басқаруға;

- қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, ынталандыру жүйесін дамытуға, әлеуметтік қолдау көрсетуге және Компаниялар тобында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыруға;

- әріптестік қатынастарды дамытуға, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етуге;

- корпоративтік менеджмент жүйесін жетілдіру жолдарын анықтау үшін мерзімді талдау жүргізуге міндеттенеміз.

Осы Саясат корпоративтік менеджмент жүйесі саласындағы мақсаттар мен іс-шараларды белгілеу мен талдау және оны барлық басқару деңгейлерінде жетілдіру үшін негіз болып табылады.

Осы Саясат Компанияның Даму стратегиясына және орнықты даму қағидаттарына сәйкес келеді.

Осы саясаттың талаптарын орындамау Компания қызметінің тиімділігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Компаниялар тобының әрбір қызметкері өзінің және айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін операцияларды тоқтатуға және/немесе орындаудан бас тартуға құқылы бола отырып, өзінің жеке қауіпсіздігі мен айналасындағылардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті сезінеді және қабылдайды.

Компаниялар тобының басшылығы барлық қызметкерлерді корпоративтік менеджмент жүйесін қолдау және жетілдіру процесіне тарту үшін жағдай жасай отырып, осы Саясатты іске асыру үшін өзіне жауапкершілік алады.

Компаниялар тобының барлық қызметкерлері осы міндеттемелерді білуі және оларды өз қызметінде бұлжытпай ұстануы тиіс!

